6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Есжанов Ерлан Боранбаевич дайындаған «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері» тақырыбындағы диссертацияға
Аңдатпа

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері» тақырыбын зерттеу барысында «сыбайлас жемқорлық» қылмыстарына қатысты екі түрлі тенденцияның қалыптасқанын байқадық.

Біріншісі, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тіркелуі мен тергелуі бойынша ресми статистиканың жылдан-жылға төмендеуі. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің мәліметтеріне сүйенсек, 2025 жылы сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша 1052 қылмыстық іс тіркелген, оның 860 сотқа жолданған. Аталмыш көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 35 %-ға төмендеген. 2024 жылы сол кездегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Ұлттық баяндамада берген мәліметтерінде 2310 қылмыстық іс өндірісте болған. Оның 1641, яғни 71% бойынша ғана өндіріс аяқталған. Тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының санатына үңілер болсақ, онша ауыр емес қылмыстар 21%-ға, ауыр қылмыстар 13%-ға азайса, аса ауыр қылмыстар 27%-ға артқан. Жалпы 2019 жылдан бері қарай сыбайлас жемқорлық қылмыстарының динамикасын қарасақ, 2025 жылы мұндай қылмыстардың тіркелуі екі есеге немесе тең жартысына төмендеген.

Екіншісі, соңғы уақыттардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайында сыбайлас жемқорлық құбылысының жиілеуі. 2019-2023 жылдар аралығында ҚР Президенті Қ.Тоқаев сөйлеген сөздерінде сыбайлас жемқорлық фактілерінің еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени т.б. салаларында көптеп кездесетінін жиі айтады. Мәселен, 2019 жылғы 20 мамырдағы сөзінде Қ. Тоқаев экономиканы дамытуға бөлген қыруар қаржы және соған сәйкес мемлекеттік бағдарламалар сыбайлас жемқорлықтың салдарынан тиімді жүзеге аспай жататынын айтты. Сыбайлас жемқорлық халықты әлеуметтік қорғау, ауыз сумен қамтамасыз ету, жол салу, бизнесті дамыту салаларында көптеп кездеседі деп көрсетеді. Осы кеңесте «тұрмыстық жемқорлықтың» кең тарағанын атап өтіп, онымен күресті саналық тұрғыда іске асыруды тапсырған. Сыбайлас жемқорлық фактілерін әкімшіліктермен жүргізілген сауалнамалар көрсететінін және ел аралағандағы кездесулерде байқайтынын атап өткен. 2020 жылғы 19 тамызда жоғарыда айтылған кеңесте ҚР Президенті сыбайлас жемқорлық жағдайларының саны азамай тұрғанын, осындай әрекеттері үшін жауапқа тартылғандардың саны 11%-ға артқанын атаса 2021 жылғы Қазақстан халқына жолдауында экономикаға мемлекеттің тым көп араласуы сыбайлас жемқорлыққа алып келіп отырғанын айтқан. 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында ҚР Президенті «сәулет-құрылыс саласы қағазбастылыққа көмілгендігін, соның әсерінен осы салада жемқорлық аз еместігін» атап өткен. 2023 жылғы 1

қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында да Президент автокөлік жолдары құрылысында тиісті жұмыстар уақтылы әрі сапалы жасалмайтынын айта келе, бұл салада жемқорлық жайлап тұрғанын назарға алды. 2024 жылдан бастап ҚР Президентінің сөйлеген сөздерінде, Қазақстан халқына жолдауларында да «сыбайлас жемқорлық» фактілері туралы мәліметтер азаяды. Біздің ойымызша, бұл қоғам мен мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық қылмыстары жоқтың қасы және оған қарсы іс-қимылдың да қажеті азайды дегенді білдірмейді. 2019-2023 жылдар аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құқықтық және институционалдық негізі қалыптасты. Соның ішінде, мемлекет басшысының тікелей ықпалымен басшылардың жауапкершілігі, нормативтік-құқықтық актілердің сараптамасы, заңсыз активтерді қайтару, әсіресе мемлекеттік қызмет көрсетулерді цифрландыру мәселелері жолға қойылды. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлықпен күрес жекелеген саяси науқан емес мемлекеттік органдардың тұрақты қызметі ретінде қалыптасқан. Яғни, саяси риторикада сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы мәліметтердің айтылмауы осы қылмыстардың азаюы дегенді білдірмейді. Жоғарыда айтқанымызда, аса ауыр санаттағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының артуы осы қылмыстарды жасаудың санының емес, оның формасы мен қылмыс зардаптарының артуын көрсетеді.

Қазақстанның саяси-әлеуметтік, қоғамдық өмірінде және де экономикалық қатынастарда сыбайлас жемқорлық құбылысының бүгінгі таңда да азаймағандығын зерттеу барысында жүргізген сауалнама нәтижелері көрсетіп отыр. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес «сыбайлас жемқорлық» фактілерімен жауап берушілердің 70% кездессе, респонденттердің 47% пара беруге, танысының көмегін пайлануға мәжбүр болғанын айтады. Біз қарастырып отырған ҚР ҚК-нің 15-тарауында көзделген, сондай-ақ осы кодекстің 3-бабы 29-тармағында сыбайлас жемқорлық қылмыстары ретінде танылған 189, 190, 218, 218-1, 234, 249, 452-баптарда қаралған қылмыстар жоғары латенттікке ие. Сондықтан да уәкілетті органдармен беріліп отырған ресми статистика сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қоғамда көрініс табуын толықтай сипаттайды деп айта алмаймыз. Демек, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының нақты статистикасы жоғарыда берілген мәліметтерден әлдеқайда жоғары деуге негіз бар.

Сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша қозғалған қылмыстық істерді алдын ала тергеу практикасын талдау 2024 жылы істердің 37% ақтау негізі жоқ іс ретінде, 45% ақтау негіздері бойынша тоқтатылғандығын көрсетті. Мұның басты себептері қылмыстық істердің тиісті дәрежеде тергеп-тексерілмеуі екендігін зерттеу көрсетті. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеру процесін криминалистикалық қамтамасыз ету деңгейі төмен, осы қылмыстарды алдын ала тергеу жүргізетін мамандардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары, қылмыскер тұлғасы туралы ғылыми білімдер жүйесінің болмауы басты себептердің бірі.

Апелляциялық сатыда қаралған істерді талдау шағымдардың 70% сотқа дейінгі тергеп-тексеруде іске қатысушылардан жауап алуда берілген түсініктемелерінде ескерілмеген мәселелер бар екенін көрсетті. Қолданыстағы

ҚР ҚПК-нің 210-бабы 9-тармағына сәйкес жауап алу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның шешімі бойынша, сонымен бірге күдіктінің, айыпталушының, куәнің не жәбірленушінің өтініші негізінде дыбыс-бейне жазба қолданылуы мүмкін. Демек, жауап алу процесінің дыбыс-бейне жазбасы автоматты түрде емес, тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның шешімі бойынша немесе жауап алынатын тұлға өтінгенде ғана жүргізіледі. Бұл өз кезегінде жауап алу хаттамасының бұрмалануына немесе ондағы кейбір іс үшін қажетті мәліметтердің еленбей қалуына әкеп соғатын бірден-бір фактор. Бастапқы жауап алуды жүргізудің процестік нормаларын елеулі түрде бұза отырып, тәндік немесе психикалық қысым көрсету арқылы мәліметтер алған фактілер, осындай дәлелдемелер негізінде тағылған айыппен келіспейтін жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда ҚР ҚПК-нің 211-бабына сәйкес қосымша немесе қайталап жауап алу қажеттігі туындайды. Бұл істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің созылуына, сондай-ақ қосымша ресурстарды шығындауға (уақыт, еңбек т.б.) алып келеді. Нәтижесінде, құқық қорғау органдарына деген тұрғындардың сенім деңгейі төмендейді. Осы тұста тергеу әдістемесін жасанды интеллектінің жетістіктерін пайдалана отырып кейбір тергеу әрекеттерін автоматтандыру арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін жетілдіруге мәселесін қараудың өзектілігі туындайды.

Зерттеу тақырыбымның өзектілігі - сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша қылмыстық істерді тергеудің басты тұжырымы ғылыми негізделіп қылмыстық барлық тұстарын объективті, жан-жақты және толық анықтауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ тергеу барысында жәбірленушінің, куә мен күдіктінің (айыпталушының) құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтындай заманауи әдістемені қалыптастырумен айқындалады.

Диссертациялық жұмыста **тақырыптың зерттелу деңгейі** талқыланып алынған зерттеу тақырыбының осыған дейінгі зерттелген қазақстандық ғалымдар О.Б. Хусаинов, Р.М. Абдрашев, Ч.Д.Кенжетаевтың, сондай-ақ шетелдік ғалымдардың еңбектерінен негізгі айырмашылықтары талданған. Осыған дейінгі зерттеу жұмыстарының барлығы дерлік қазіргі уақытта күшін жойған ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінің негізінде жазылған.

Диссертациялық зерттеудің объектісі болып сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу процесінде туындайтын құқықтық қатынастар танылады.

Диссертациялық зерттеудің пәні сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен осы қылмыстарды тергеуге байланысты туындайтын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықты көздейтін қоғамдық қатынастарды реттейтін қылмыстық, қылмысты-процестік және өзге де құқықтық нормалардың жиынтығы, осы категориядағы қылмыстарды ашу мен тергеуге байланысты органдардың қызметі және де зерттеу тақырыбы бойынша осы уақытқа дейін қалыптасқан ғылыми-теориялық ой-пікірлер болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты болып тергеу практикасын және қолданыстағы заңнаманы талдау негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін жетілдіру бойынша кешенді ғылыми-практикалық негізделген ұсынымдар беру болып табылады.

Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін диссертациялық зерттеу жұмысында төмендегідей **міндеттер** алға қойылды: а) сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық құқықтық сипаттамасын қарастыру; ә) сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистік сипаттамасына тоқталу; б) сыбайлас жемқорлық қылмыстарындағы қылмыскердің тұлғасы айқындау; в) криминалистикалық сипатының маңызды элементі ретіндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілін зерделеу; г) сыбайлас жемқорлықты тергеу кезіндегі кездесетін болжаулар мен жоспарларды айқындау; д) сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуде туындайтын типтік жағдайларды (ситуацияларды) талдау; ж) сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жекелеген тергеу әрекеттері және оны жүргізудің тәжірибелік мәселелерін зерттеу.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі. Диссертациялық зерттеуді жүргізуде ғылыми танымның жалпы әдістер ретінде диалектикалық әдіс, жалпы ғылыми әдіс ретінде құқықтық талдау мен синтез, жеке ғылыми әдістерден нақты әлеуметтанушылық және статистикалық әдістер пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасы. Зерттеу жұмысының нормативтік негізін еліміз ратификациялаған конвенциялар, халықаралық шарттар, ҚР өзге мемлекеттермен құқықтық көмек туралы жасаған екеуара келісімдер, 2025 жылдың 15 наурызында қабылданған ҚР Конституциясы, ҚР ҚПК, сонымен қатар осы диссертацияның зерттеу пәнімен байланысты қатынастарды реттеу бөлігіндегі заңдар мен өзге де құқықтық актілер құрады.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық негізін ҚР Жоғарғы Соты сайтының сот актілерінің банкінен алынған зерттелген 217 қылмыстық істер мен сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тергеушілерге (20 адам), сонымен бірге сыбайлас жемқорлық қылмысының саяси-қоғамдың өмір мен әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы қазіргі уақыттағы таралу тенденциясын білу мақсатында құрастырылып жүргізілген сауалнама (1000 адам) құрады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің бүгінгі жағдайын алғаш рет диссертациялық деңгейде кешенді зерттеуінен көрінеді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің тәжірибесін жан-жақты зерттеу жүргізу нәтижесінде тәжірибелік және теориялық маңызға ие болатын осы қылмыстардың криминалистикалық сипатының негізгі заңдылықтары айқындалды, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының белгілерін анықтаудың ерекшеліктері нақтыланды, тергеп-тексерудің типтік жағдайлары мен бағыттары анықталып, мейлінше маңызды тергеу әрекеттерін жүргізуге байланысты практикалық ұсынымдар әзірленді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің практикасын талдау тәжірибеде бар мәселелер мен қолданбай отырған ресурстарды ашуға, қолданыстағы криминалистикалық амалдардың, әдістер мен тәсілдердің осы қылмыстарды ашу мен тергеудегі тиімділігін анықтауға, жемқорлық қылмыстарын тергеудің

жекелеген міндеттерін шешудің тактикалық ғылыми-әдістемелік ұсынымдарын әзірлеуге мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің қорғауға ұсынылатын ғылыми негізгі **нәтижелері мен қорытындылары**:

1. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуді жүзеге асыратын тұлғалардың ғылыми негізделген және практикалық дәлелденген әдістемемен қамтамасыз етілмегендігі алғаш рет ғылыми тұрғыда дәлелденді.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемелік тұрғыда тиімділігін айқындайтын төрт негізгі компоненттен тұратын практикалық-әдіснамалық модель негізделді.

3. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастаудың себептері талданып, анықталды.

4. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудің бағдарламасы әзірленді (*Қосымша Б*).

5. Тергеп-тексерудің тиімділігі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ашу мен тергеуге қажетті әрі жеткілікті тактикалық амалдар мен тәсілдердің жиынтығына байланыстылығы дәлелденді.

6. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында құқық қорғау органдарының ақпараттық-талдамалық қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізу қажеттігі дәлелденді.

7. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудың нақты уақыт режимінде автоматты жазбасын жүргізетін зияткерлік құрылғы әзірлеу ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы. Зерттеудің теориялық маңыздылығы автордың сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін жетілдіруге байланысты проблемалық сұрақтарды толықтай қамти отырып, криминалистиканы, соның ішінде криминалистикалық әдістемені одан әрі дамытуында көрінеді.

Криминалистиканың мүмкіндіктерін кеңінен қолдана келе сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ашу және тергеп-тексеру қызметін жетілдіруге бағытталуы **диссертациялық зерттеудің практикалық маңызын** айқындайды.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертация І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқықтық пәндер кафедрасының базасында орындалып, талқылаудан өтті. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми ұсыныстары ғылыми басылымдарда 5 ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Оның ішінде, 3 мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін басылымда, 1 мақала ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдарында және өзге басылымдарда жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, теориялық және практикалық аспектілерін зерттеуге мүмкіндік берді. Жұмыс кіріспеден, негізгі мазмұнды қамтитын 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.